

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ҚОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 169 (9231) | 1953 жылғы 23 август Жексенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Еңбекшілер қажетін тыңғылықты өтейік

Партиямыз бен үкметіміз еңбекшілерді қажетті товарлармен және азық-түлікпен қамтамасыз ету жөнінде шұғыл шараларды жүзеге асыруда. Мемлекет жеңіл, тамақ өнеркәсібін осы сайын өркендету, еңбекшілерге арналған товарлар өндірісін ұлғайту үшін көп қаржы бөліп отыр. Халыққа арналған тұтыну заттарын шығару ісіне еліміздің машина құрылысы саласындағы ірі өнеркәсіп орындары да кірісіп отыр. Міне, мұның барлығы еңбекшілерге арналған тұтыну заттарын шығару жөніндегі бесінші бесжылдықтың тапсырмаларын мерзімінен әлде қайта бұрын орындауға мүмкіншілік береді.

Сонымен қатар, тұтыну заттарының сапа көрсеткіштеріне де, ерекше назар аударылууда. Өйткені, тұрмыстық және мәдениет дәрежесі күн сайын артып отырған еліміздің еңбекшілері тұтыну заттары молшылығын жасалымымен қатар, олардың сапа көрсеткіштерінің мейлінше жақсы болуын орынды талап етеді.

Бүкіл еліміздегі сыяқты біздің облысымызда да бірқатар кәсіпорындары еңбекшілердің тұрмыстық қажетін өтеуге арналған товарлар өндіру ісінде елеулі табыстарға ие болып келеді. Мәселен облыстық кәсіпшілік Советіне (председателі Трушкин жолдас) қарасты бірқатар артельдердің коллективтері жоспарлы тапсырмаларды кезінде және толық орындаумен қатар, олардың сапа көрсеткіштерінің жақсара түсуіне үнемі көңіл бөледі.

Мысалға қаладағы Бірінші май атындағы кәсіпшілік артельнің (председателі Менишкова жолдас) жұмысын алайық. Үстіміздегі жылдың 8 айға жуық мерзімі ішінде тігіншілер коллективі өздерінің алған міндеттемелерін сан жағынан да, сапа жағынан да аброймен орындап келеді. Бұл жағдай кәсіпшілік артельінде киім тіктірушілер қатарының барған сайын көбейе түсуіне мүмкіншілік берді. Егер, июль айының соңы 20 күні ішінде артельде киім тіктірушілердің саны 60 адам ғана болса, август айының алғашқы 20 күнінде киім тіктіруге заказ берген адамдардың қатары 99 адамға жетті. Бұл фактінің өзі, біріншіден, еңбекшілердің тұрмыстық дәрежесінің жақсара түскендігін дәлелдесе, екіншіден, аталған кәсіпорны-

сапа көрсеткіштерін арттыра түсуге жете мән бермей келе жатқан кәсіпорындары жоқ емес.

Мәселен, қаладағы Парик-коммунасы атындағы аяқкиім фабрикасының (директоры Гаев жолдас) коллективі соңғы жылдар бойына өнімде ақау жіберу сыяқты өрескел кемшіліктерден арыла алмай-ақ келеді. Көбінесе фабрикада дайындалған қысқы аяқкиімдердің төзімділігі нашар болады. Тіпті түтәс бір маусымды былай қойғанның өзінде, кейде бұл фабриканың жасап шығарған аяқкиімдері жарты маусым пайдалануға да жарамайды. Мұның өзі аталған кәсіпорнының басшылары мен инженер-техник қызметкерлерінің өнім сапасын жақсарту мәселесіне әлі күнге дейін нақтылы қамқорлық жасамай отырғандығын дәлелдейді.

Шынын айту керек, фабриканың мұндай кемшіліктерге кездесуінің негізгі себепі партия және кәсіподақ ұйымдары тарапынан жұмысшылардың мінез жоғары сапалы өнім беруіне қолайлы жағдай жасай алмай отырғандығында. Мұнымен бірге, кәсіп орынында жоспарды барлық көрсеткіштер бойынша орындау жолындағы социалистік жарыс та өз дәрежесінде өрісетілмеген. Бұған фабриканың ұзақ уақыт бойына мемлекеттік тапсырмаларды орындай алмай келе жатқандығы айқын дәлел.

Мұндай фактілерді көптен келтіруге болады. Ал, ол фактілер көптеген кәсіпорындары басшыларының тек сан көрсеткіштерімен ғана әуестеніп, өнімнің сапасына, оның әсемдігіне, төзімділігіне және назар аудармайтындығын дәлелдейді. Совет адамы өзінің күн сайын өсіп отырған тұрмыстық және мәдениет дәрежесіне сай асылы, ұнамды, әсем жасалған товарларды алғысы келетіні, біздің күнбе-күнгі өміріміздің өзінен-ақ белгілі. Олай болса, еңбекшілер талабынан кейін қалып қоя-ға ешкімнің іправосы жоқ.

Товар неғұрлым төзімді, неғұрлым көрікті болса, мұның өзі еңбекшілердің әлауқат дәрежесін жақсарту түсуге көмектеседі. Өйткені, ондай товарлар еңбекшілердің ұзақ уақыт пайдалануына жарал, басқа товарлар сатып алуы үшін қаржы жыйнауға мүмкіншілік береді.

Барлығы да еңбекшілердің қажетін өтеу үшін!

Ауыр жұмыстарды механикаландыру

Петропавлдары А. И. Микоян атындағы ет-консерві комбинатында еңбекті көп көрек ететін жұмыс процестері кеңінен механикаландырылууда. Бұл жұмысшылардың еңбек өнімділігін арттырып, олардың жұмыс жағдайын жақсартуға мүмкіндік туғызуда.

Күзгі-қысқы жаппай мал сою және ет тағамдарын шығару маусымына әзірлене отырып, комбинаттың инженер-техник қызметкерлері мен рационализаторлары жуырда шұжық жасау цехында аспалы рама мен шынжырлы транспортер жасап орнатты. Бұлар шығарылған тағамдарды белгілі бір мөлшерге дейін ыстайтын бөлімнен кештіргішке, одан бұрын түйетін бөлмеге жеткізуге қолданылады.

Жаңа жабдықтар пайдалануға берілгенге дейін дайын шұжықтар ұзындығы бір метрдей таяқтарға ілініп, жұмысшылардың күші мен тасылатын еді. Аспалы рама мен шынжырлы транспортердің жұмысқа қосылуы ондаған жұмысшыларды өндірістің басқа учасқотеріне ауыстыруға жағдай жасады.

Х. РАХМАТУЛЛИН.

Жаңа жігермен

ССРО Жоғарғы Советі V сессиясының қарарлары және ССРО Министрлер Советінің председателі Г. М. Маленков жолдастың сессияда сөйлеген сөзі оалыстық автомобиль өақармасының Совет ауданындағы авторотасының шоферлері арасында да жаңа өрлеу туғызды. Алдыңғы қатарлы шоферлер социалистік жарыста алған міндеттемелерін зороймен жүзеге асыру жолында аялмай күресе отырып, бұл күндері тапсырмаларын үнемі артығымен орындап келеді.

Авторотаның алдыңғы қатарлы шофері Сергей Попов «ЗИС—5» автомашинасымен соңғы 6 сменада 2514 тонна-километр жол жүрді, осы мерзімге тағайындалған тапсырманы едәуір артық орындады. Сонымен бірге, бірнеше килограмм жанар майын үнемдеді. Сол сыяқты, шофер Б. Ивничев, И. Свободкин жолдастар да ұз-

Кәсіпорындарының жұмысшылары мен қызметшілері! Социалистік жарысты кеңінен өрістетуге, еңбектің озат әдістерін өндіріске батыл енгізу арқылы халыққа қажетті товарларды көптеп шығарумен қатар, олардың жоғары сапалы болуына жетісейік! Сөйтіп, еңбекшілердің қажетін тыңғылықты өтейтін болайық!

ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясы еліміздің жеңіл және тамақ өнеркәсіп орындарының алдына еңбекшілерге қажетті товарлар мен азық-түлік өндірісін шұғыл күшейту, сөйтіп, совет адамдарының материалдық әлауқат дәрежесінің мықтап артуын қамтамасыз ету міндеттерін қойды. Бұл міндеттерді қалтқысыз жүзеге асыру—бүгін таңдағы абройлы борыштардың бірі.

Бүкіл еліміздегі сыяқты біздің облысымыздың өнеркәсіп орындарының коллективтері де ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының қарарларымен және ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков жолдастың сөйлеген сөзімен жігерлене отырып, елімізде өнеркәсіп товарлары мен азық-түлік молшылығын жасау жолындағы күреске өздерінің үлесін қосу үшін күресуде.

Төменде еңбекшілердің әлауқат дәрежесін жақсартуға бағытталған шараларды жүзеге асыру жөнінде облысымызда істеліп жатқан жұмыстар туралы хабарлар жариялап отырмыз.

Лайықты үлес қосуда

«Екінді» артели (председателі Шайхиямов жолдас) қаладағы озат артельдердің бірінен саналады. Жоспар бойынша үстіміздегі жылы артельде 7 миллион 250 мың сомның бұйымдарын шығару белгіленген болатын. Артель коллективі өз күші мен қолда бар мүмкіншіліктерін есептей отырып, бұл жоспарды мерзімінен бұрын, ССРО Конституциясы күні—5 декабрьге дейін орындап шығуға міндеттенгенді.

Өткен жартыжылдықта жоспар бойынша артель 3 миллион 675 мың сомның бұйымын шығаруға тиіс болса, оның орнына 3 миллион 901 мың сомның бұйымын шығарды.

Мұндай табыстарға жету жолында өз коллективін абройға бөлеген көптеген озат адамдарды атап өтуге болады.

Мысалы, үлгі пішуні А. Ягуфаров жартыжылдық тапсырмасын 136,4 процент, тігінші А. Галулина 143 процент, заказ қабылдау цехының шебері Р. Әмірханов жолдас 132 процент орындап, жақсы көрсеткіштерге ие болды.

ССРО Жоғарғы Советінің жуырда болып

өткен V сессиясынан кейін елімізде туған жаңа еңбек өрлеуі бұл артель коллективінде де жаңа табыстарға жігерлендірді. Сессия материалдарымен жігерленген артель коллективі барлық күш-мүмкіншілікті сарқа пайдалана отырып, еңбек етуде.

Соның арқасында август айында шығаруға жоспарланған 590 мың сомның бұйымының өткен 20 күні ішінде 394 мың сомдығын шығарып үлгерді. Бұл, айлық жоспардың 66,7 проценті болып табылады.

Артельде материалдар үнемдеу жұмысы жақсы жолға қойылған. Лидия Борасельяникованың әдісімен жұмыс істейтін артель коллективі өткен алты айдың ішінде 1740 метр материал үнемдеді. Бұл, мемлекетке 28 мың сом пайда келтірген болып табылады.

Осындай қажырлылықпен еңбек ете отырып, кәсіпшілік артельнің коллективі еңбекшілердің өскелең талабын орындау ісіне өздерінің үлесін қосуда.

Е. МЫРЗАХМЕТОВ.

Қала шетінде

Өдетте қаланың шеткі аймағындағы үйлер аласа, ұсқынсыз келеді деген ұғымда болады жекелеген адамдар. Бірақ, бұл хателікір. Өйткені, социализм елінің қалаларында «сәнісіз шеткі аймақ» деген ұғым жойылды. Кәзір еліміздің қалаларының қандайшық болса да шеткі аймағы қаланың орталық бөлегімен теңдеседі деп мақта нышпен айта аламыз.

Мысалға Петропавл қаласының өзін алайық. Мұнда бір кезде кәзіргі ет-комбинаты, жылу-электр орталығы орналасқан аудандардағы үйлер аласа, архитектуралық жағынан нашар болатын, үйлердің арасы алашақ, бытыранқы болып келетін. Ал, кәзір Петропавлдың шеткі аймағы адам танымастай болып өзгерді.

Соңғы жылдарда жылу-электр орталығының ауданында тұрғын үйлердің тұтас кварталдары пайда болды. Мұның өзі қала шетінде тұзу, сәнді көшелердің көбеюіне мүмкіншілік берді.

Сол сыяқты, Петропавл станциясы мен А. И. Микоян атындағы ет-консерві комбинатының аудандары да барған сайын көркейе түсуде. Бұл аудандардың бір ерекшелігі сол—мұнда негізінен екі этажды үйлер салынады. Осы ауданда быйылғы жылдың өзінде 40-тан аса жаңа үйлер салынып жатыр. Олардың көпшілігінің құрылысы аяқталып келеді.

Қаладағы шағын двигательдер заводының маңайында да тұрғын үйлердің саны барған сайын көбейе түсуде. Мұның барлығы—партиямыз бен үкметіміздің еңбекшілердің тұрмыстық дәрежесін жақсартуға беруге үздіксіз қамқорлық жасап отырғандығының сыпаттамасы. Тек үстіміздегі жылы Петропавл қаласында тұрғын үйлер салу үшін мемлекеттен 11 миллион сом қаржы босатылып отыр.

Н. ЖАҒАЛЫҚОВ.

Халық игілігі үшін

Қаладағы «Комсомолка» тігін фабрикасының коллективі өткен алты айдың

тан сайын жақсы нәтижелерге ие болып келе жатқандығын көрсетеді.

Сол сияқты, Октябрь революциясы атындағы былғары заводның (директоры Шульжинский жолдас) жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері мемлекеттік жоспарларды орындаумен ғана қанағаттанбай, жоғары сапалы, еңбекшілердің бүгінгі талабын қанағаттандыра алатын өнімдер беруге жетісіп келеді.

Солдай бола тұрса да, күні бүгінге дейін облыстың жекелеген кәсіпорындары өздерінің алдында тұрған аса маңызды міндеттерді орындауда кәсіпшілік кемшіліктерге жол беріп келеді. ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясы тұтыну товарларының сапасын шұғыл жақсарту, олардың мейлінше төзімді және әсем болуына жетісу міндеттерін қойды. Мұның өзі совет адамдарының тұрмыстық және мәдениет дәрежесінің барған сайын жақсара түсіп отырғандығынан туған міндеттер. Олай болса, халық тұтынатын товарлар шығару ісінде, әсіресе, жеңіл өнеркәсіптің кәсіпорындары ешбір кемшіліктерге жол бермеуге тиіс.

Амал не, жоғарыда айтылғандай, әлі күнге дейін жоспарды тек сан жағынан ғана орындаумен әуестеніп, товарлардың

арнаулы бір өнімдерді өңдеуі жақсы болғанымен, олардың материалдары сапасыз болатындығын айта кетуіміз керек. Мәселен, қаладағы «Екінді» кәсіпшілік артелинің өндірген тігуді киімдерінің өңделу сапасына көп реттерде кінә тағуға болмайды. Мұның өзі артель басшыларының материалдар бөлетін базалардың, тиісті жоғарғы орындардың алдына нақты талап қоймайтындығын көрсетеді.

Еңбекшілерге сапалы бұйымдардың көптеп сатылуы және олардың өскелең тілегін қанағаттандыру ісінде сауда ұйымдары зор роль атқарады. Солдай бола тұрса да, облыстық, қалалық және аудандық сауда ұйымдарының басшылары өздері төвар алатын кәсіпорындарының алдына көп реттерде қатаң талап қоймайды. Мұның өзі дүкендерге сапасыз товарлардың түсуіне, олардың өтпей мемлекет қаржысын босқа ұстауына әкеліп соғып жүр.

Кәсіпорындарының коллективтері партиямыз бен үкіметіміз белгілеген бұл аса маңызды міндеттерді жүзеге асыру жөнінде көздің өзінде де бірқатар жұмыстар істеді. Міндет — бұдан былайғы жерде де еңбекшілердің қажетін тыңғылықты өтеу үшін өндіріс товарларының сапа жөніндегі міндеттерін барынша жақсарту беру.

қытты ұта пайдалану, машинаның жүру шапшаңдығын арттыру нәтижесінде соңғы бескүндікке тағамындайған тапсырмасын араймен орындады.


В. МУХАМЕТОВ,
Совет ауданы.

Нан комбинатында

Үстеміздегі жылы Петропавл нан комбинатының коллективі тапсырманы ойдағыдай орындап келеді. Мұнда алғашқы жарты жылдық жоспар 115 процент орындалды.

Көзір комбинатта үлкен құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатыр. Нан пісіретін цехтар кеңейтілуде. Бұл құрылыс аяқталғаннан кейін комбинат өнімді бұрынғыдан 25—30 процент артық беретін және ұннан пісіретін тағамның 10—15 түрін шығаратын болады.

Құрылыс жұмысы осы жылғы октябрь айына дейін толық аяқталады. Комбинатта бұл міндетті осы мерзімде орындауға керекті мүмкіншіліктің бәрі бар. Құрылыс материалдары жеткілікті.



Облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздарында быйыл бірқатар электр станциялары салынды.
СУРЕТТЕ: Мамлют асыл тұқымды мал совхозында жаңадан салынған электр станциясының үйі

Суретті түсірген А. Розенштейн.

цент орындаумен бірге, мінсіз сапалы өнім шығарып, жақсы нәтижелерге ие болды.

Фабрикада көзір киімнің жаңа түрлерін тігіп шығару және оны барған сайын жетіліктіре түсу ісі қызу қолға алынып отыр.

Жуырда фабрика коллективінің өз инициативасы бойынша ұсынылған киімнің 23 түрінің үлгісі үлгілерді байқау кеңесінің мәжілісінде талқыға салынды. Бұған қала мен аудандардағы сауда орындарының қызметкерлері қатыстырылды. Бұл мәжілісте ұсынылған үлгінің 17 түрі қабылданып, оны, көзір, халық игілігіне айналдыру үшін едәуір жұмыстар істеліп жатыр.

Осы жылдың 1 сентабрінен бастап, сол үлгілер бойынша ер адамдар мен жас балалар костюмдері, әйелдер көйлектері және баскиімдер шығарыла бастайды.

Фабрика көзір де ер адамдар костюмінің жаңа түрін тігіп шығару ісін қолға алып отыр.

Е. МЫРЗАХАНОВ.

Комбайншылардың социалистік жарысы

АЛТЫН ЖҮЛДЫЗДЫ ЖІГІТ

Аудан жақтан бар шапшаңдығымен жүгізкіш келе жатқан бір жеңіл автомашина комбайнның су алатын жеріне келіп тоқтай қалды. Аз кідірістен кейін ол машинадан үш-төрт адам түсіп, шаң басқан киімдерін қағып, тазартқандай болды. Сөйтті де, бір-екеуі орылған егіннің орнын, маяннан сабанды аралап, көріп жүрді.

Бұл кезде тракторға тіркелген қыр кемесі — қос комбайн егіннің арғы басынан тура осы автомашинаға қарай қалқып келе жатыр еді. Жақындаған сайын трактор моторының да, әзілдесе сөйлеген жастардың да дауысы анық естіле бастады.

—Кімдер екен бұл келгендер, тегі өздері бізді күтін тұрған терізді-ау а,— дейді сабан жыйнағышта жұмыс істеп тұрған ақкөйлекті қыз комбайншы жігітке.

—Аудандық партия комитетінің машинасына ұқсайды, мүмкін секретарьлардың бірі шығар,— деді комбайншы оған.

—Секретарь дейсің бе, ол кісі кеше ғана келіп кеткен жоқ па, бізбен жарысқа түскен көріп колхоздың адамдары болар,— деді тағыда қыз.

—И, секретарь деймін, ол кісілер колхоздарға күн сайын келіп, жұмыстарын байқап көріп, социалистік жарыстың барысын біліп тұрады, жергілікті жерде жиі болу олардың әдеті,— деді комбайншы тағы да.

Бұдан кейін қыз ешқандай сұрақ қоймады. Ол енді сабан жыйнағышқа толып қалған сабанды реттеп салып, тығыздап басумен шұғылданды. «Ақкөйлекті қыз сабаныңа салмағыңды сала бас» деп қалжыңдаған құрбылас жас жігіттердің сөзіне де көңіл бөлмеді.

Комбайн су алатын жерге келіп те қалды. Бірақ, тоқтамады, сабағы биік, басы үлкен, теңіздей толқыған қалың егінге кемедей қалқыған бойында жүре берді. Агрегаттың әр адамы өз орнында, олар

келген адамдарға бастарын изеп ғана амандасқаны болмаса, машинадан көздерін, рульден қолдарын айырмастан кетіп оарады.

Бір кезде комбайншы комбайнның ұзын кеңірегінен бункеріне сауылдап құйылып тұрған сарғы алтындай бидайды келіп көрді де оны жанайылап жүріп келе жатқан жүк автомашинасына жақылдатып төгіп жіберді. Езде бір машинадан соң бір машинаның жөшігі сары алтынға лық толды. Олар бсылайша бункерді қолдарып алып қырманға қарай жөнел жатты.

—Жігіттер, сақ болыңдар, ой-қыры көп, қыиын уақасток осы, әсіресе, мотор мен хедерді байқандар, мен сендер бір айналдып келгенше осы арада боламын,— деп комбайншы өзінің жолдастарына қатаң тапсырыс берді. Сөйтті де, ол келген адамдарға барып, қол алысып амандасты.

—Ал, жігітім кешегіден бүгін қалай, комбайндарың жүріп тұра ма,— деген аудандық партия комитеті секретарының сұрағына комбайншы Шварц бөгелмей жауап берді.

—Бүгін кешегіден жақсы, ертең бүгінгіден де көңілді болады, кеше 40 гектар орып едік, бүгін 42 гектар болды, ертең одан әрі осылай өсе береді,— деді ол.

—И, қарқынға қарқын қоса түс, социалистік жарысқа түскен «Луч Ленина» колхозындағы істес досың Ким орақ басталғалы 643 гектар егін орып, бункер есебімен 8390 центнер астық бастырды, байқайсың ба, досыңның қымылын, қалып қойма,— деген секретарьға Шварц таңдана қарап:

—Япырай, осы жігіттің өзі мені састырып-ақ тұр, тіпті өзінің менен екі-ақ гектары кем, ал алған өнімнің бес центнері артық,— деді де ол аз ойланп қалды.

Аймағы 175 гектар қызыл бидай егінінің ұзын бойына қалқып бара жатқан

өзінің қос кемесіне бір қарап қойды да Шварц:

—Жақсы, тілектес, істес досым ғой, оның да айрыға ие болғаны менің үшін қуаныш, кесілте берсін комбайншы,— деді.

—Секретарь жолдас, социалистік жарысқа түсіп жүріп,— деді тағы ол,— артта қалып көргенім жоқ еді, бұл жолы да берілмесің деп ойлаймын. Ким менен озамын деп қандай қымыл жасаса, мен де қарап қалмаспын, оған сеніңіз.

—Дұрыс айтасың,— деді әңгімеге қатысып отырған колхоз председатели Адам,— социалистік жарыстың күші сонда, ол артта қалып қоймау үшін адамның ынта-сың, жігерін арттырады, енді сен де күштің де, біліміңді де, өнеріңді де аяп қалма, көршілер озып кетіп, ұялып қалып жүрмейік.

Комбайншылар Ким мен Шварц социалистік жарысқа түскенде осы маусымда 1500 гектар егін жыйнауға, 15000 центнер астық бастыруға серттенгенді. Көзіргі олардың мақсаты — осы сертті орындап шығу. Кім білсін, қайсысының озып шығарып, әзір екеуі де бір-бірінен қалыспай-ақ келеді. Егер Ким орақ басталғалы 643 гектар егін жыйнап, 8390 центнер астық бастырса, Шварц 645 гектар егін орып, 8385 центнер астық бастырды. Міне, олардың көзгірі қарқыны осындай.

Комбайн әлі тоқтаған жоқ. Көмекші комбайншылар А. Шварц, А. Кифер, тракторшы И. Кель білектерін сыбаған бойында рульді берік ұстап кетіп барады. Манағыдай емес, олар егіннің үлкен алаңын құсырып-ақ тастапты.

—Машиналардың техникалық күтімі жақсы, бүгін де түнгі сағат он екі, бірге дейін тоқтамаймыз, жалғыз-ақ бункерден астық алатын машиналарды үдәртетін ет,— деп Шварц Адамға түнгі жұмыстың жайын ескертті.

Шварц осыны айтып, комбайнына баруға әзірденіп жатқанда:

—Міне, сізге газет,— деп хат тасушы оған бірнеше газетті ұсынды. Ол газеттерді қолына алды да, барлы-

ғын қарап отыруға уақыты болмағандықтан кейбірін тек шолып қана оқып өтті. Облыстық газетте өзінің досы Кимнің жұмыс қарқыны туралы жазылған мақаланы көріп:

—Біздің дос газетке де жазылып қалыпты, оның жұмыс тәжірибесі, менімен социалистік жарысқа түскені айтылыпты. Міне, тыңдаңыздар: «Шварц жолдас Петропавл ауданындағы Сталин атындағы колхозда, Ким жолдас «Луч Ленина» колхозында комбайншы болып істейді. Бұл екеуі быйыл өзара социалистік жарысқа түсті, көзір екеуі де қызу еңбектің үстінде» депті деді де ол, жақсы мұны қол босатқанда толық оқып, деп газетті қалтасына бүктеп салып қойды.

Екі колхоздың да колхозшылары Шварц пен Кимді құрметтейді. Бұлардың даңқты комбайншылар, өз ісінің тетігін меңгерген шеберлер, социалистік жарыстың туын жоғары көтерушілер деп танылды.

—1500 гектар егін орып, 1500 центнер астық бастыру аз еңбек емес, бұл серттеріңе істерің сай болса жақсы-ақ болар еді,— деседі колхозшылар.

—Социалистік жарыста,— деді аудандық комитеттің секретары әңгіменің соңын тз,— сіздер егінді ешқандай ысырапсыз жыйнап, колхоздың мемлекет алдындағы бірінші парызы— астық тапсыру ісіне келелі үлес қосуға міндеттенгенсіздер. Колхоз быйыл мемлекетке және МТС-тің жұмысына барлығы 13 мың центнер астық тапсырады. Ал, бұл жұмыстың айроймен орындалуы сіздердің жұмыстарыңызға байланысты. Сондықтан техниканы жақсы пайдаланып, жұмыс қарқынын бұдан да көрі күшейте түсіңіздер.

—Дұрыс айтасың, тілегіңіз орындалаты, жарыста қабылданған міндеттемемді өзеісіз орындаймын, колхозымыз быйыл да алдыңғы қатарда болады, оған сеніңіздер,— деді де алтын жұлдызды жігіт — Социалистік Еңбек Ері комбайншы Х. Ф. Шварц жолдас келіп қалған комбайнның рулін өзі ұстап, бөгетсіз жүре берді.

Г. НУРОВ,

Рязань облысы ауыл шаруашылығының алдыңғы қатарлыларына Социалистік Еңбек Ері атағын беру туралы ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1949 жылғы 20 апрельдегі Указына сәйкес, 1952 жылы колхоздарда мемлекетке ауыл шаруашылығы өнімдерін міндетті түрде тапсыру жоспары, контрактация және МТС-тердің жұмысы үшін заттай ақы төлеу жоспары, өнімді мал мен құстың әрбір түрі бойынша жылдық өсімнің жоспары орындалып, мал шаруашылығында жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін мыналарға **Социалистік Еңбек Ері** атағы беріліп, Ленин орденімен «Орақ және Балға» алтын медалі қоса тапсырылсын.

1. **Астахова Анна Яковлевна** — Шилов ауданы, Киров атындағы колхоздың сауыншысы, 9 сыйырдың арқайсысынан жылына 5.216 килограмнан сүт сауып, әрбір сыйырдан орта есеппен 198 килограм сүт майын алған.

2. **Ивкина Анна Федоровна** — Ижев ауданы, «Дело Октября» колхозының сауыншысы, 8 сыйырдың арқайсысынан жылына 5.582 килограмнан сүт сауып, әрбір сыйырдан орта есеппен 202,9 килограм сүт майын алған.

3. **Орлова Антонина Михайловна** — Шилов ауданы, Киров атындағы колхоздың сауыншысы 9 сыйырдың арқайсысынан жылына 5.144 килограмнан сүт сауып, әрбір сыйырдан орта есеппен 196 килограм сүт майын алған.

4. **Петухова Ксения Куприяновна** — Ижев ауданы, «Дело Октября» колхозының бұзаушысы, бір жылда 4 айға толғанға дейінгі 25 бұзаудың арқайсысының орта тәуліктік салмағын 1200,5 грамм арттырған.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председатели К. ВОРОШИЛОВ.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.
Москва, Кремль. 21 август, 1953 жыл.

Ростов облысы, Равнопольск МТС-нің комбайншысы М. И. Шаховқа Социалистік Еңбек Ері атағын беру туралы

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1950 жылғы 27 апрельдегі Указына сәйкес, 1951 жылы дөңді дақылдарды жыйнауға және бастыруда зор табыстарға жеткені үшін «Сталинец—6» комбайнымен жыйнаған егіннен 25 жұмыс күні ішінде 8.405 центнер астық бастыруға Равнопольск МТС-нің комбайншысы Михаил Пешиничев **Шаховқа Социалистік Еңбек Ері** атағы беріліп, Ленин орденімен «Орақ және Балға» алтын медалі қоса тапсырылсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председатели Н. ВОРОШИЛОВ.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.
Москва, Кремль. 21 август, 1953 жыл.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Коммунистер Анохинді не үшін сайламады

(Паровоз депосы партия ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысынан)

Есеп беру-сайлау жыйналысы — партия ұйымының өміріндегі зор оқыйға. Онда партия бюросының жұмысын талқылап, коммунистер ұйымының басшы органын сайлайды. Жақында паровоз депосы партия ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысы болды. Партия бюросының жұмысы туралы оның секретары Анохин жолдама жасады.

Анохин жолдама ұйымда партиялық-ұйымдық және партиялық-саяси жұмыстың жайын партияның XIX съезі қойған талаптарға сәйкес бағалап, партия бюросының, кәсіпорнының жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктерге толық талдау жасау арқылы жыйналыста сын мен өзара сынның кеңінен өрістеуіне үлгі көрсетуге тиіс еді. Бірақ, есепті баяндама бұлай болмады. Баяндамада партия жұмысының негізгі мәселелері үстірт айтылды. Партия бюросының және партия ұйымының жұмысында орын алған елеулі кемшіліктердің сыры толық ашылмады. Бұл көздейсоқ мәселе емес. Өйткені, Анохин жолдама есепті баяндамаға нөмірлетті қарады, ол өзінің күнделікті жұмысында партия активімен байланысын нығайтады, кәсіпорнының жұмысын жете білмеді.

Есепті баяндаманың мазмұны нашар, үстірт болуы жыйналыстың жоғары дәрежеде өтуіне керісінше әсер етпей қойғын жоқ. Жарыссөзде сөз сөйлеген кейбір коммунистер партия бюросының жұмысына сын көзімен қарап, партиялық жұмыстың жайын жақсарту жөнінде басталы ұсыныстар жасаудың орнына, партия жыйналысының мінбесін өздерінің кемшіліктеріне бүркемелеу үшін пайдалануға тырысты.

Партия ұйымы коммунист Шляхов жолдасты депо бастығының пайдалану жұмыстары жөніндегі орынбасарлығына жағарылатқан болатын. Бірақ, ол партия ұйымының сенімін ақтамады, еңбек тәртібін бұрмалады, мақсүлемдікке салынды.

Осы сыяқты, партия бюросының мүшесі Широков жолдастың сөзі де коммунистерді қанағаттандырмады. Ол депо партия ұйымының секретары бола тұрып, партия топтарының жұмысын тығыздықты ұйымдастырмады, үгіт коллективіне жеткіліксіз басшылық жасады. Осылай бола тұрса да, Широков жолдама бұл кемшіліктер жөнінде ештеңе айтпады. Міне, сондықтан да коммунистер Шляхов және Широков жолдастарды дұрыс және әділ сынады.

Коммунистер Хисматтуллин, Устинов, Кузьмина және басқа жолдастар Шляховтың, Широковтың құрғақ сөздерінің принципті сын мен өзара сынға ешбір қатысы жоқ екенін айтты.

Жыйналыс әрбір коммунистің сөзіне зор мән беріп, сын жазбен қарады. Коммунистер машинист Федотов жолдастың белгілі жүйелі және жарыссөзде шығып сөйлеушілер партия ұйымының XIX партия съезі қарарларын басшылыққа ала отырып, өткен жылға қарағанда партиялық-саяси жұмысты едәуір жақсартып түскенін атап көрсетті. Сонымен бірге, коммунистер қалалық біріккен аурухана партия ұйымы жұмысындағы орын алған кемшіліктерді батыл сынады.

Партия ұйымы коммунистердің партия оқуына түгел тартылып, олардың идеялық-саяси білімін көтергі отыруына жете көңіл болмеді. Жеке коммунистерге берілген партиялық тапсырмалардың орындалуы мұқият бақыланбады. Партиялық тапсырма берілген уақытта сол тапсырма берілген адамның білімі, қабілеті, қолынан іс келетіндігі ескерілмеді. Мұның өзі бірқатар коммунистердің жүктелген партиялық тапсырмаларды тырнақты орындай алмауына негізгі себеп болды.

Бастауыш партия ұйымы партиялық-ұйымдық жұмысты өз дәрежесіне жүргізбеді, кейде партия жыйналысы дайындықсыз, үстірт, коммунистердің белсене қатысуымен өтті.

Кәсіподақ ұйымының жұмысына партия басшылығы нашар. Сол сыяқты, дәрігерлер арасында саяси тәрбие жұмысы тиісті дәрежеде жүргізілмей келеді. Оларға арнаулы қоғам жұмыстары тапсырылмайды. Саяси тәрбие жұмысының өз дәрежесінде жүргізілмеуі салдарынан ауруларды дұрыс күтуге сыяқты фактілер де кездесіп келді.

Партия ұйымының секретары Николаенко жолдама басшылықтың коллективтік принципін бұзып, басырашылыққа салынды. Аурухана жұмысындағы кемшіліктер деркезінде партия жыйналысында, не бюро мәжілісінде қаралып, оны жою шаралары белгіленбеді.

Есеп беру-сайлау жыйналысы ұйым жұмысын жақсарту жөнінде қаулы қабылдап, партия бюросының жаңа құрамын сайлады. Бірақ, бұл жою ұйымының бұрынғы секретары Анохин жолдама 82 қарсы дауыс алып, партия бюросының құрамына, сондай-ақ қалалық партия конференциясына делегат болып сайланбады. Мұның өзі Анохин жолдастың партия жұмысында қабілетсіз екенін, коммунистердің сенімін ақтамағанын көрсетті.

Есеп беру-сайлау жыйналысы депо партия ұйымының жұмысын оған әрі жақсарту жөнінде қаулы қабылдады. Партия бюросының жаңа құрамын сайлады. Бірақ, бұл жою ұйымының бұрынғы секретары Анохин жолдама 82 қарсы дауыс алып, партия бюросының құрамына, сондай-ақ қалалық партия конференциясына делегат болып сайланбады. Мұның өзі Анохин жолдастың партия жұмысында қабілетсіз екенін, коммунистердің сенімін ақтамағанын көрсетті.

П. ОСИПОВ.

Партия ұйымы жұмысындағы кемшіліктер

Жуырда қалалық біріккен аурухана партия ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысы болып өтті. Онда бастауыш партия ұйымының секретары Николаенко жолдама ұйымының жұмысы туралы баяндама жасады. Ол партия ұйымының және жеке коммунистердің есеп беріп отырған уақыттың ішіндегі жұмысына тоқталды.

Баяндамашы және жарыссөзде шығып сөйлеушілер партия ұйымының XIX партия съезі қарарларын басшылыққа ала отырып, өткен жылға қарағанда партиялық-саяси жұмысты едәуір жақсартып түскенін атап көрсетті. Сонымен бірге, коммунистер қалалық біріккен аурухана партия ұйымы жұмысындағы орын алған кемшіліктерді батыл сынады.

Партия ұйымы коммунистердің партия оқуына түгел тартылып, олардың идеялық-саяси білімін көтергі отыруына жете көңіл болмеді. Жеке коммунистерге берілген партиялық тапсырмалардың орындалуы мұқият бақыланбады. Партиялық тапсырма берілген уақытта сол тапсырма берілген адамның білімі, қабілеті, қолынан іс келетіндігі ескерілмеді. Мұның өзі бірқатар коммунистердің жүктелген партиялық тапсырмаларды тырнақты орындай алмауына негізгі себеп болды.

Бастауыш партия ұйымы партиялық-ұйымдық жұмысты өз дәрежесіне жүргізбеді, кейде партия жыйналысы дайындықсыз, үстірт, коммунистердің белсене қатысуымен өтті.

Кәсіподақ ұйымының жұмысына партия басшылығы нашар. Сол сыяқты, дәрігерлер арасында саяси тәрбие жұмысы тиісті дәрежеде жүргізілмей келеді. Оларға арнаулы қоғам жұмыстары тапсырылмайды. Саяси тәрбие жұмысының өз дәрежесінде жүргізілмеуі салдарынан ауруларды дұрыс күтуге сыяқты фактілер де кездесіп келді.

Партия ұйымының секретары Николаенко жолдама басшылықтың коллективтік принципін бұзып, басырашылыққа салынды. Аурухана жұмысындағы кемшіліктер деркезінде партия жыйналысында, не бюро мәжілісінде қаралып, оны жою шаралары белгіленбеді.

Есеп беру-сайлау жыйналысы ұйым жұмысын жақсарту жөнінде қаулы қабылдап, партия бюросының жаңа құрамын сайлады.

Н. УСПЕНЬЕВ,

ҚКП Петропавл қалалық комитетінің нұсқаушысы.

ОЗАТ ШОФЕР

Бұл күндері Петропавл авторотасының коллективі қызу еңбек үстінде. Күн сайын мұнан ондаған автомашина облыстың алыс аудандарындағы колхоздарға ағылады. Олар мұнда бітік шыққан егіннің астығын мемлекеттік дайындау орындарына деркезінде жеткізу үшін аттануда. Бұлардың ішінде авторотаның ең жас шофері Қалмұхан Әлібеков бар.

Қалмұханның шофер болып істей бастағанына аз-ақ уақыт болды. Ол машина рулін ең алғаш 1951 жылдың күзінде ғана ұстаған еді. Мамандығын еркін меңгерген жас шофер өзінің қажырлы еңбегі нәтижесінде жолдастарының құрметіне ие болды. Көзірдің өзінде ол күрделі жөндеусіз өз автомашинасымен 70 мың километр жер жүрді. Бұл — авторотаның таңдаулы шоферлары көрсеткіштерінің бірі.

Өткен маусымда Қалмұхан зор табысқа ие болды. Ол аз уақыт ішінде 12 мың километр орнына, 42 мың километр жерді орташа жөндеусіз жүріп өтті. Ал, жұмыстың тонна-километр көрсеткіші ротаның ең таңдаулы шофері Иосиф Монохинның көрсеткішінен аз-ақ кем.

— Автоматшаның үлгілі жұмыс істеп, дұрыс жағдайда болуы тек екі-ақ нәрсеге байланысты, — дейді ол. — Өз мамандығыңды беріле сүйю және машинаның материалдық бөлшектерін ұқыптап күтіп, майлап отыру.

Шынында да жас шофердің еңбектегі озат көрсеткіштері оның осы сөзінің істегі көрінісіндей елестейді.

Қалмұхан быйылғы маусымға да толық әзірлікпен келді. Шоферлар үшін аса жауапты кезек — астықты мемлекеттік дайындау орындарына жеткізу ісіне ол машинасын сақдай сай жөндеумен кірісті. Сондықтан да жуырда болып өткен мемлекеттік комиссия оның машинасын үлгілі машиналардың бірі деп бағалады.

— Быйыл облыс егіншілері бітік егін өсірді. Мен оларға жауап ретінде астық тасу тапсырмасын біржарым есе орындаймын, — дейді ол.

Оның бұл сөзін орындайтындығына озат ісі дәлел.

А. БОЛАТОВ.

Жас туристер

Оқушылардың жазғы демалысын көңілді әрі пайдалы өткізу мақсатында қалалық оқу бөлімі жанынан экскурсиялық-туристік станция ұйымдастырылған болатын. Соңғы уақытта көптеген аудандардың, әсіресе, Мамлют, Ленин, Соколов, Полудень және Приенім аудандарының оқушылары қалаға келіп, өнеркәсіп орындары мен мәдени-ағарту мекемелеріне экскурсияларға барды. Экскурсиялық-туристік станция оқушыларға арналған 65 экскурсия ұйымдастырды.

Возышен орта мектебінің оқушылары 14 күндік жорыққа шығып, осы мерзім ішінде Булаев ауданында, Петропавл қаласындағы өнеркәсіп орындарында болды. Содан кейін Мамлют ауданына жүріп кетті. Мұнда олар алдыңғы қатарлы колхоздар мен ағаш питомнигінде болды.

Сол сыяқты, Соколов ауданындағы Барневка жетіжылдық мектебі оқушыларының жасаған жорығы да ұйымдастырылған түрде өтті. Қалада болған 4 күндік ішінде олар өндіріс орындарында, вокзалда, баспаханада және басқа да көптеген кәсіпорындарында болып қайтты.

Оқушылардың осы сыяқты ұйымдастырылған туристік жорықтарының олардың политехникалық оқуына көп көмегі бар. Бұған облыстың көптеген өнеркәсіп орындары, ауылшаруашылық мекемелері, мәдени-ағарту орындары басшылары тарапынан да зор көңіл бөлінуде. Жас экскурсанттарды, әсіресе, қалалық су шаруашылығы бөлімі, баспахана, шағын двигательдер заводы, паровоз депосы, вокзал және басқа да көптеген мекеме басшылары жақсы қарсы алды.

С. ОРАЗОВ.

Құрылысшылардың өнімді еңбегі

Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінің (Булаев ауданы) Ж. Сүйіндіков жолдас басқарған құрылысшылар бригадасы өздерінің қажырлы еңбектерімен көзге түсуде. Олар көзірдің өзінде 200 бас мал сыятын қора салуды аяқтап, жас төлдерге қора салуға кірісті. Қора салу жұмысында ағаш шеберлері И. Вугазов, Г. Москвин, Э. Тей-

лин жолдастар қажырлы еңбек етуде. Олар күнделік тапсырманы біржарым еседен орындап жүр.

Құрылысшылар астықты ысырапсыз жыйнап алу ісіне де атсалысуда. Ағаш шебері И. Құрашов жолдас аз уақыт ішінде астық тасыйтын 8 жәшік жасап шығарды.

М. ЗАҒЫПАРОВ.

Жарияланбаған хаттың дерегі

Тілшілер дабылы анықталды

Газетке жарияланбай, Преснов аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөліміне жазылған хаттың мазмұны батыров жолдас тілші хатында көрсетілген фактілердің анықталғандығын ай-

талап жолдас тілші хатында көрсетілген фактілердің анықталғандығын ай-

Ирандағы оқыйғалар

ТЕГЕРАН, 21 август. (СОТА). Генерал Захеиди генерал Восугті ұлттық қорғаныс министрі етіп тағайындады деп жариялады. Э. пендиар Вазоргеһр насихат және баспасөз жоғарғы басқармасының бастығы болып тағайындалған; Полковник Бархордар Тегеран телеграфы мен радио станциясы күзетінің командирі болған. Полковник Ак Горбани Тегеран соғыс губернаторының кеңесші жөніндегі прокурор болып, ал, Мостафа Моксадан Иранның ұлттық банкінің директоры болып тағайындалған.

20-августа құпия полицияның бастығы полковник Мадери, насихат және баспасөз жоғарғы басқармасының бұрынғы бас директоры Вәһшр Арахманд-тұтқынға алынған.

20 августың кешінде және 21 августа таңертең Тегеранның радиосы былай хабарлады:

Масадық, Шаеган, Садеги инженер Мазземидің үйінде ұсталды (Мозземи Моссадықтың үкіметінде почта, телеграф және телефон министрі болып келген. — ред).

«Дад» газетінің бүгінгі хабарына қарағанда, бұрынғы сенаторлардың бөріне сенатты шақыру туралы қарар қабылдау үшін 21 августа таңертеңгі сағат 9-да жыйналу тапсырылған.

20 августа, деп хабарлайды «Дад» газеті, Вахтаридің ісі бойынша тұтқынға алынған адамдардың бөрі (мұнда Вахтари шайқасының осы жылғы февраль-мартта масадықтың үкіметіне қарсы көтерілісі айтылып отыр. — ред). Соның ішінде Аболь Касем Вахтаридың өзі ішатылған.

ПАРИЖ, 21 август. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің Тегерандағы тілшісінің хабарынан көрінгеніндей, бүгін таңертең генерал Захеидің бронепанкті бөлімдері мен әскерлері Мосадықты жақтаушылардың демонстрациясына атанба жасаған. Бірнеше адам жараланған көрінеді.

НЬЮ-ЙОРК, 21 август. Ассошиэтед Пресс агенттігінің Вашингтондағы тілшісінің хабары бойынша, Иранның елшісі Салех Моссадықтың үкіметі Захеидің үкіметімен ауыстырылды (еген ресми хабар алғаннан кейін 20 августа тілшілерге өзінің орнынан түсетінін мәлімдеген).

ТЕГЕРАН, 21 август. (СОТА). Барлық үкімет мекемелерін танктер, бронемашиналар және солдаттар күзетуде. Қаладағы коменданттық уақыт бұрынғысынша тек кешкі сағат 8-ден таңертеңгі сағат 5-ке дейін өзгерместен қалған. Қалаға келуге және қаладан шығуға бұрынғысынша тыйым салынған. Бүгін бірнеше газет шықты. Бүгін шыққан «Зельзеле» газетінде генерал Захеидің өз председателі болған үкімет құрды делінген.

ПАРИЖ, 21 август. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің тілшісі Тегераннан былай деп хабарлайды: қашқайлықтар шайқасының көсемі, Англияға мейлінше қарсы Хан-Хосров Кашкаи Теге-

Өз ісіне жауапсыз қарайды

СОБП XIX съезі партия ұйымдарынан партиялық-ұйымдық және партиялық-

не пайда, оның да жұмысы мүлдем қанағаттанарсыз. Жыл басынан бері колхоз-

хоз басқармасының жұмыс істеуге ешқандай жағдай жасамағандығын айтып, бастығы мен басқармасының

батыров жолдас тілші хатында көрсетілген фактілердің анықталғандығын ай-

еңінен жұмыстың дәрежесін жақсартуды, оны шаруашылық міндеттерден ұштастыра жүргізуді талап етті. Алайда, Булаев, ауданындағы «Вторая пятилетка» колхозының бастауыш партия ұйымының жұмысы бұл талаптардың дәрежесіне әлі де сай емес.

Колхозшылар арасында үгіт-бұқаралық жұмыстары үнемі жүргізілмейді. Үгітшілер қырман басында, бригадалар ақта-текте ғана болады. Көктемгі егіс кезінде жазылған ұрандар әлі күнге бақарма үйі мен бригадалардың мәдени қос-тархында ілулі тұр. Ал, июль айынан бері колхоз қабырға газетінің бірде-бір номері шықпаған.

Колхозда селолық лекторий бар. Бірақ,

шылар үшін екі-ақ рет лекция оқылды. Партия ұйымының секретары Дубров жолдас ұйымның жұмысынан көп үзген. Ол: «Мектеп директоры болғандықтан менің өз жұмысым да жеткілікті. Партия ұйымының жұмысымен шұғылданауға уақытым жоқ» деп жауап береді. Мұның өзі Дубров жолдасының өз жұмысын жауапсыз қарайтындығын дәлелдейді.

Колхозда шөп шабу науқанының қарқыны өте баяу. Соның салдарынан қажетті мал азығының 47 проценті ғана дайындалды. Ол егін орағына да әзірліксіз кірісті.

Колхозда еңбек нашар ұйымдастырылған. Тіпті еңбек күн минимумын ташпай отырған бірқатар колхозшылар бар. Кол-

хозшылар тұрғындары өсіпті ұстама-дегі жылдың өткен 7 айынан бері жас балалары бар 19 елді колхоз өндірісіне қатыса алмай отыр. Балалар яслиін ашып, бұл елдердің өндірісте жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін мүмкіндік бар ма? Әрине бар. Бірақ, бұл мәселені басқарма мен оның председатели Жарин ұмытып жүр.

Партия ұйымы жұмысының өз дәрежесінде болмауы Қазақстан КП аудандық комитетіне көп уақыттан бері мәлім. Солай бола тұрса да, аудандық партия комитеті колхоз партия ұйымының жұмысында орын алған кемшіліктерді жоюға бағытталған нақтылы шаралар белгілей, практикалық көмек көрсетуді ескермей келеді. **М. АБЕРИН.**

Румын халқының ұлы мерекесі

Бүгін румын халқы дақты тарихи күнді — өз елінің фашистік езгісінен азат етілуінің тоғыз жылдығын мерекелейді. 1944 жылғы 23 августа, совет әскерлерінің Яссы-Кишинев бағытында гитлерлік армияларды талқандауының нәтижесінде, румын халқы фашистік құлдық бұғауынан азат етілді, ол Коммунистік партияның басшылығы арқасында, Антонескудің фашистік диктатурасын құлатты, сөйтіп, гитлерлік Германияға қарсы соғысқа қосылды.

Бұл тарихи оқиғадан жарты жылдан аса уақыт өткеннен кейін — 1945 жылғы мартта — жұмысшы табы еңбекші шаруалармен одақ жасай отырып, елдің барлық демократияшыл күштерін өзінің төңірегіне біріктірді, сөйтіп, шын мәнісіндегі демократиялық үкімет құрып, жаңа тұрмыс орнатуға кірісті.

Реакцияның жаңталасқан қарсылығын жеңе отырып, румын халқы монархияны, ескі буржуазиялық-помещиктік тәртіпті жойды, халықтық-демократиялық құрылыс орнатты. Бұл құрылыс елдің экономикалық, саяси және мәдени өркендеуіне ұшы-қыйыры жоқ кең өріс ашты.

Ірі және орташа өнеркәсіпті, транспортты, банктің және хауісіздендіру қорғандарын халық меншігіне айналдырып, сыртқы саудаға мемлекеттік монополия енгізді, Румынияның еңбекшілері капитализмнің экономикалық негіздерін күйретті, елдің экономикасының шетелдік капиталға тәуелділігін жойды, сөйтіп, халық шаруашылығын жоспарлы социалистік негізде өркендетудің берік базасын жасады.

Елді индустрияландыруға бағыт ала отырып, румын халқы өзінің жанқиярлық еңбегімен, сол сияқты Совет Одағының артаратын қалтқысыз көмегі арқасында, өз елінің экономикасын тез арада мықтап өркендетті.

Халық шаруашылығының барлық салаларын өркендету негізінде халық бұқарасының материалдық тұрмыс жағдайы және мәдениет дәрежесі үздік арттырылады.

Екі бесжылдықтың мүшесі бір бөлігі болып табылатын, елді электрлендірудің

оңқылдық жоспары бойынша, барлығы 1.196 мың киловаттық 13 орталық бу электр станциясы, барлығы 764 мың киловаттық 24 су электр станциясы және жергілікті маңызы бар бірнеше электр станциялары салынады.

Электрлендіру жоспарын орындау нәтижесінде, елдегі электр станцияларының белгіленген жалпы қуаты, жан басына шаққанда, төрт еседен аса артады.

Халық шаруашылығын өркендетудің бұл шараларының бәрін жүзеге асыру нәтижесінде, Румыния аграрлық елден, жоғары дәрежелі өнеркәсібі және механикаландырылған ауыл шаруашылығы бар индустриялы-аграрлық елге айналдырылды.

Румынияның мемлекеттік өнеркәсібі күшті қарқынмен өркендеуде. Заманымызға сай жаңа техникаға негіз тірей отырып, мемлекеттік өнеркәсіп кәсіптің өзінде-ақ өнімнің көптеген жаңа түрлерін, бұрын шетелдерден алынып келген түрлерін жасауды меңгерді. Кәзір Румынияда шығыртабанды тракторлар, жүк автомобилдері, комбайндар, паровоздар, мұнай және электротехника жабдықтары, металл өңдейтін станоктар, шарикоподшипниктер, теңіз кемелері мен өзен кемелері және басқа көптеген машиналар мен бұйымдар жасалады. Елдің бүкіл өнеркәсіп өнімінің жартысынан көбін машина жасау өндірісі береді.

Шойын, болат, мұнай, тас көмір, темір рудасы және басқа пайдалы кендер өндірісі жылдан-жылға үздіксіз өсуде.

Румынияның экономикасы өзінің өркендеуінде қандай табыстарға жеткенін мына бір фактіден — халық шаруашылығын жоспармен жүргізген жылдарда Румынияда өнеркәсіп өндірісінің жалпы дәрежесі үш есе өскен фактісінен көруге болады. Ондаған өнеркәсіпорындары салынуда. Бұларға керекті комплексті жабдықтарды Румыния Совет Одағынан алып отырады.

Румыния деревнясында аса зор өзгерістер жасалды.

Елді социалистік индустрияландырудағы зор табыстар, Румыния жұмысшы шар-

уашылығын деревняны бірте-бірте және ықтырып түрде кооперативтендіруді және ауыл шаруашылығын неғұрлым тез механикаландыруды көздеген саясаты Румынияның бұрын артта қалған ауыл шаруашылығын механикаландырылған ірі шаруашылыққа айналдырып, қайта құруға қажетті жағдай туғызды.

Бүкіл елде еңбекші шаруалар өз еркімен коллективтік шаруашылықтарға және бірлесіп егін салатын серіктіктерге бірігуде. Кәзіргі уақытта республикада 1.966 коллективтік шаруашылық және екі мыңдай бірлесіп егін салатын серіктіктер бар. Бұл серіктіктерге еңбекші шаруалардың 280 мыңнан астам семьясы бірікті. Мемлекеттік және кооперативтік ауыл шаруашылықтары мен серіктіктер елдегі барлық ерістік жердің төрттен бір бөлігіне жұбын пайдаланады.

Озат советтік агротехниканы қолданы отырып, олар егіннен мол өнім алуға, көптеген коллективтік шаруашылықтар мен серіктіктерде егіннің орташа түсімділігі жеке меншікті шаруашылықтардағыдан 25—50 процент артық.

Ауыл шаруашылығын социалистік негізге қайта құру ісінде машина-трактор станциялары аса маңызды роль атқарады. Кәзіргі уақытта Румынияда 218 машина-трактор станциясы бар, олар 9.650 трактормен және 25 мыңнан астам тіркеу ауылшаруашылық құрал-саймандарымен жабдықталған.

1953 жылғы екінші тоқсанда халық шаруашылығы жоспарының ойдағыдай орындалуы да Румыния экономикасының үздіксіз өсуінің тағы бір айқын дәлелі болды. Румыния Халық Республикасының Орталық статистика басқармасының хабары бойынша, бүкіл өнеркәсіптің жылғы өнім шығару жоспары 101,1 процент орындалды. Екінші тоқсанда ауыл шаруашылығында, Румыния еңбекшілерінің материалдық тұрмыс жағдайын жақсарту және мәдениетін арттыру ісінде едәуір табыстарға қол жетті.

Румын Халық Республикасының экономикасы қоғамның материалдық және мәдени қажеттерін неғұрлым толық қана-

тандыру мүддесін көздеп өркендетуде. Елдің халық шаруашылығын өркендетумен бірге Румыния еңбекшілерінің әлауқаты мен мәдениеті арттырылуда.

Тұрғын үйлер және мәдениет орындарының құрылысы Румынияның тарихында болып көрмеген қарқынмен жүзеге асырылуда. Бухаресте полиграфия өнеркәсібінің ірі орталығы — «Скынтея» үйінің құрылысы аяқталып келеді, «Буфта» кино орталығы салынып жатыр, астанда метрополитен салу жұмыстары басталды. Бүкіл елде тұрғын үйлер құрылысы кең көлемде жүргізілуде. Барлық жерде жұмысшылар мен қызметшілерге арналған жаңа тұрғын үйлер, поселкелер мен қалалар салынууда.

Тұрғын үйлер салу, қалаларды жанар-ту ісін батыл жақсартып алға бастыру үшін, өткен жылғы ноябрьде халықтық үкімет пен Румынияның жұмысшы партиясының Орталық Комитеті Бухаресті, елдің және басқа да бірнеше қалаларын жаңалап қайта салу туралы қаулы алды.

Жұмысшылар мен қызметшілердің нақты жалақысы жылдан-жылға артуға, еңбекші шаруалардың табысы үздіксіз көбеюде. Жұмыссыз, аш және баспанасыз адамдар Румынияда енді жоқ. Еңбек өткісі көптеген әрбір адамға жұмыс және мамандығына лайықты жалақы бөріледі. Мемлекет халық ағарту және мәдениет құрылысының оған әрі өркендетілуіне, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру ісін жақсартуға жыл сайын орасан көп қаржы бөліп отырады. Буржуазиялық-помещиктік құрылыс тұсында төрт миллионнан астам сауатсыз және ша-ла сауаттылары болған Румынияда сауатсыздықты жою аяқталып келеді. Румынияда тегін жетістікпен білім алу қамтамасыз етілді. Жұмысшылар мен шаруалардың балалары мектептерде және жоғары оқу орындарында оқуға толық мүмкіншілік алды. 1952—1953 жылдарда мектептер мен жоғары оқу орындарындағы оқушылардың саны Румынияда бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде көбейіп, 2.400 мыңға жетті. Жаңа Румынияның ғылымы мен искусствосы кәзір халыққа қызмет етуде...

Румын халқының социалистік жаңа тұрмыс орнатудағы орасан зор табыстары

тып, редакцияға былай деп хабарлады: Колхоз бригадаларына хат-хабар жеткізіп тұру ісі соңғы кезде жақсартылды. Хат-хабар тасуға арнаулы адам тағайындалып, газет, журналдар мен хат-хабарлардың жоғалуы жойылды. Благовещенка почта бөлімшесі бұл колхоздың бригадаларына баратын хат-хабарларды жеке-жеке буып, уақытылы жөнелтіп отыратын болды.

Асханада тамақтанушыларды қамтудағы кемшіліктер жөнінде тускен хатты газетке жарияламай тұрып асханалар мен ресторандар тресіне тексеріске жіберген болатын. Бұл жөнінде трест директоры Лопатков жолдас редакцияға мынаны хабарлады:

Тілші дабылында көрсетілген фактілер тексерісте толық анықталды. Асхана аға официанткасы Мельникова тамақтанушыларды мәдениетті қамтып алмағаны, жұмысқа салақ қарағаны үшін қатардағы официантка етіп төмендетіліп, оған, егер бұдан былай да сондай фактілерге жол берсе, жұмыстан босатылатындығы ескертілді.

Румын мемлекетінің жауларын қатты ыздандырып, өшіктіруде. Американо-нополияшылар қолдан отырған империалистік реакция бұл елде, румын халқы түпкілікті құлатқан буржуазиялық-помещиктік езгілікті қайта орнатудың есуастық жоспарларын әзірлеуде. Румынияда бүлдіру әрекетін ұйымдастыруға орасан көп қаржы бөліп отырған американо-империалистері Румынияға шпиондар және диверсанттар жіберуде. Алайда, румын халқының жауларының Румыниядағы халықтық демократиялық құрылысты әлсіретіпек болған әрекеттерінің бәрі де сәтсіздікке ұшырауда. Румын Республикасының еңбекшілері өздері жетіп алған тарихи табыстарын қырағылықпен қорғауда.

Румын халқы өз елінің халықаралық беделін нығайту ісінде зор табыстарға жетті. Шын мәнісіндегі тәуелсіз, ерікті мемлекет — Румыния кәзір демократия мен социализмнің қуатты жәгерінен берік орын алып отыр.

Өзінің мерекесі күні румын халқы соңғы тоғыз жыл бойына өткен жолына орынды мақтан сезімімен көз жібереді. Ол совет халқына және оның азат етуші армиясы — Совет Армиясының өзінің жалынды сүйіспеншілігін және шын жүректен шыққан алғысын білдіреді. Совет Одағының қалтқысыз достық көмегі Румынияның халық шаруашылығын өркендету, оның халықаралық беделін нығайту ісінде қандай зор роль атқарғанын румын еңбекшілері жақсы біледі. Бұл көмектің арқасында шетелге тәуелділіктен құтылып қана қоймай, оның үстіне соғыстан кейінгі экономикалық күйзелістің зардабын мейлінше қысқа мерзімде жойып, елдің шаруашылығын өркендету, еңбекшілердің әл-ауқатын жақсарту және мәдениетін арттыру, өз мемлекетінің ерікті елдігі мен тәуелсіздігін нығайту ісінде зор табыстарға жеткенін де румын халқы жақсы біледі.

Совет Одағының достығына, қалтқысыз көмегіне және қолдауына, сол сияқты халықтық демократия елдерімен туысқандық ынтымаққа сүйене отырып, жұмысшы партиясы бастаған румын халқы социализм орнату жолында сеніммен алға басуда. **А. МЕРКУЛОВ.**

раннан қашып, Шираз қаласының ауданына жетіпті-міс. Бұл ауданда тұратын кашкайлықтар шайқасы ойдағын мың жауынгер жыйнап алатын көрінеді. Олар таулы ауданға орналасқан, бұл ауданға бару өте қиын.

Исфаган қаласының губернаторы Кешаварэ Садр тұтқынға алынған.

Мароккодағы жағдай жайында

ПАРИЖ, 21 август. (СОТА). Париж газеттерінің хабары бойынша кеше Марокконың Сұлтан Рабаттан Аясоғз (Корсина) жіберілгеннен кейін Мохаммед Бен Араф жаңа Сұлтан болып жарияланды, бұған дейін бірнеше күн бұрын оны Эль Глайдиді жақтаушылар Имам деп, яғни Мароккодағы мұсылман дінінің басшысы деп жариялаған болатын.

«Монд» газеті Марокко Сұлтанының тағынан түсірілуі жөнінде былай деп жазады: Францияның министрлер Советі Мароккодағы бас президент генерал Гийломға «Марокко жағының болашағын қамтамасыз ету» үшін «қажетті шаралардың бәрін қолдануға» өкілдіктер берді.

Францияның демократияшыл баспасөзі француз отаршыларының Сұлтан тағынан түсіру әрекетін Марокко халқының ұлт-азаттық қозғалысына қарсы шаралар ретінде қолданғанын тағы да атап көрсетуде.

Кеше Алжирде Сұлтанның тағынан түсірілуіне қарсы наразылық демонстрациясы болған. Иранның көптеген ұйымдары да бірлескен наразылық жасаған.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«АНГЕЛ ДЕМАЛЫСТА»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ҮШ ЖОЛДАС»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

Облыстық «АвтоТЭК» облыс аудандарына бара жатқан машиналармен жеткізіп беру үшін ұйымдар мен жеке адамдардан жүк қабылдайды.

Бұл жөнінде 1-28 телефон арқылы түсінік алуға болады.

Петропавлдың таразы заводы колхоздар мен совхоздарға бричка втулкаларын сатады. АДРЕС: Базар көшесі, 8-үй.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.